

БҰЙРЫҚ

01.09.2023 № 119

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимылдар, ақшалай қаражат
жинауға тыйым салу туралы**

«Целиноград ауданының білім бөлімі» ММ 02.11.2017ж. «Білім беру мекемелерінде ақшалай қаражат жинауға тыйым салу туралы» № 148 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім беру ұйымында ата-аналар, мұғалімдер, оқушылар арасында ақшалай қаражат жинау фактілері орын алмасын;
2. Ата-аналар мен оқушылардан мектептің, сыныптың әр түрлі қажеттіліктеріне ақша қаражатын жинау, сыбайлас жемқорлық әрекеттері фактілеріне жол берілмесін;
3. Мектеп қабырғасында нормативті құжаттаманың болмағаны жағдайында мұғалімдердің оқушыларға ақылы репетиторлық қызмет көрсетуіне тыйым салынсын;
4. Оқушылар, ата-аналар мен мектеп қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары 2023-2024 оқу жылына құрастырып, мектеп сайтына орналастырылсын;
5. Мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде заңдылықтың және ақпараттық қауіпсіздік шараларының сақталуы, оқушылардың құқықтарының сақталуы қамтамасыз етілсін;
6. Оқушыларды адалдыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқараста тәрбиелеу мақсатында «Адал ұрпақ» клубының жұмысы ұйымдастырылып, тарих пәні мұғалімі А. Майкенге жүктелсін;
7. Аталған бұйрықпен мұғалімдер, сынып жетекшілер, ата-аналар, оқушылар таныстырылсын;
8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



Смагулова Р.М.